

## "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1736

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы  
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Тұқым шаруашылығы туралы

Осы заң тұқым шаруашылығы саласындағы ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман өсімдіктерінің тұқымын өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау, іске асыру, тасымалдау, пайдалану, мемлекеттік сорттық және тұқымдық бақылау ұйымдастыру және жүргізу барысында туындайтын қатынастарды реттейді.

1 - тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сорттық және гибридтік егістіктерді анықтау - ауыл шаруашылығы дақылдары егістігінің сорттық сапасын, сорттық тазалығын, сорттық түрлілігін, сорттық егістіктердің ластану, ауруға шалдығу және зиянкестермен бүліну дәрежесін анықтау;

2) анықтаушы бау - өсімдіктер немесе сорттық егістіктерді анықтауды жүргізу жөніндегі белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемеге сәйкес анықтаушы алып алатын о л а р д ы ң б ө л і к т е р і ;

3) анықтаушы - тұқым шаруашылығы саласында уәкілетті мемлекеттік орган

белгілеген тәртіппен аттестатталған, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және гибридік егістіктерінде апробация жүргізуге құқылы жеке тұлға;

4) аттестация - заңды тұлғаның таңдаулы тұқым шаруашылығы, тұқым шаруашылығы ұйымдарының мәртебесіне, жеке тұлғаның анықтаушы мен тұқымдық сарапшы мәртебесіне сәйкестігін белгілеу (растау);

5) агроэкологиялық аймақ - ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жағдайлары немесе дақылдың экологиялық талаптарына жақын біртектілік аумақ;

6) гибрид - тектік айырмашылығы бар ата-енелік нысандарды будандастыру нәтижесінде алынған өсімдік;

7) топырақтағы сынақтар - ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен тұқымдарының белгілі бір сортқа жататынын белгілеу және арнайы учаскеге егіп, одан әрі тексеру жолымен олардың сорттық тазалығын анықтау;

8) тұқымдардың сапалығы - тұқымдардың мемлекеттік стандарттар мен тұқым шаруашылығы саласындағы басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі;

9) бақылау сынақтары - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорт және/немесе гибрид белгілерінің сақталуын және олардың әртүрлілігінің ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің осы сортына және/немесе гибридіне сәйкестігін белгілеу;

10) зертханалық сорттық сынақ - тұқымдардың белгілі бір сортқа жататынын белгілеу және зертханалық талдау жүргізу жолымен тұқымдардың сорттық тазалығын анықтау;

11) тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхана - тұқымның сорттық және егу сапасының мемлекеттік стандарттар мен тұқым шаруашылығы саласындағы басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігіне зерттеу жүргізуге құқылы, белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

12) орман өсімдіктері - орман шаруашылығында пайдаланылатын орман ағаштық және бұта өсімдіктері;

13) өзгеше тұқымдар - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің оригинаторы немесе олардың уәкілетті тұлғалары өндірген және таңдаулы тұқымдарын (іріктеу көшеттігі, ұрпақ сынау көшеттігі, көбейту көшеттігі, аса таңдаулы) өндіруге арналған тұқым;

14) ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының оригинаторы - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын жасаған, шығарған, тапқан және (немесе) оның сақталуын және Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Мемлекеттік селекциялық жетістіктер тізіміне енген ол туралы мәліметтерді қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлға;

15) тұқым партиясы - тиісті құжатпен (аттестатпен және куәліктермен) расталған тұқымның шығу тегі мен сапасы жөніндегі біртекті белгілі бір мөлшері;

16) көшеттік - онда тұқым шаруашылығы материалын зерделеудің (өсімдіктерді іріктеу, сынақтан өткізу, көбейту) анадай немесе басқадай кезеңі жүзеге асырылатын

тұқым шаруашылығы процесіндегі белгіленген бөлік;

17) іріктеу көшеттігі - онда анадай немесе баскадай сорттың аса таңдаулы және таңдаулы тұқымдары ұрпақта сорттың белгілері мен қасиеттерін сақтау үшін өсімдіктерді іріктеу мақсатындағы егістікке арналған көшеттік;

18) ұрпақтарды сынайтын көшеттік - ұрпақтарды зерделеу үшін таңдаулы аса таңдаулы тұқым шаруашылығының бірінші егістігінен іріктелген өсімдіктер немесе дән сорттары үшін ең үлгілі тұқымдар егілетін көшеттік;

19) көбейту көшеттігі - сынақ көшеттігінде іріктелген ең жақсы семьялар, өскіндер, сызықтар тұқымдарын көбейтуге арналған көшеттік;

20) тұқымның егу сапасы - егу (отырғызу) үшін олардың жарамдылық дәрежесін сипаттайтын тұқым қасиеттерінің жиынтығы;

21) тұқым өндірушілер - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын өндірумен, өңдеумен, сақтаумен, іске асырумен қызметтің бір немесе бірнеше түрлерімен айналысатын жеке және заңды тұлғалар;

22) аудандастыру - мемлекеттік сорт сынағының нәтижелері бойынша жаңа сорттар және/немесе гибридтер өсірілетін топырақ-климаттық аймақтың шекарасын белгілеу;

23) егістіктерді тіркеу - сорттық егістікті қарау, қарау нәтижелерін белгіленген тәртіппен кейін ресімдейтіндей етіп, бекітілген бауларды (үлгілерді) іріктемей-ақ о т ы р ғ ы з у ;

24) репродукторлық тұқым - таңдаулы тұқымдарды және келесі ұрпақ тұқымдарын, сондай-ақ бірінші ұрпақтың гибридтік тұқымын қайта себу жолымен алынған тұқым;

25) ауыл шаруашылығы өсімдіктері - дәнді, дәнді-бұршақты, жарма, мал азығы, майлы, эфирлі-майлы, техникалық, бақша, дәрілік, гүлдік, жемістік, жидектік дақылдар , к а р т о п , ж ү з і м ;

26) күзетілетін сорт тұқымы - өсімдіктердің күзетілетін сорттарының Мемлекеттік тізіміне тіркелген, патент берілген сорт тұқымы;

27) бірінші, екінші және үшінші репродукторлық тұқымдар - жылдар бойынша таңдаулы тұқымдардың алдағы көбейуі;

28) тұқымдық инспектор - сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыратын тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның лауазым иесі;

29) тұқымдық бақылау - оларды өндіру, сақтау, іске асыру және пайдалану процесіндегі тұқымдардың егістік сапаларын тексеру жөніндегі іс-шаралардың жүйесі;

30) тұқым сарапшысы - тұқым шаруашылығы саласында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган аттестациядан өткізген тұқымның сорттық және егу сапасына сараптама жүргізуге құқылы, тұқымдардың сапасын сараптау жөніндегі з е р т х а н а н ы ң м а м а н ы ;

31) сорттық бақылау - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің егістік сорттарының тазалығын анықтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға және тұқымдардың белгіленген сортқа жататынын белгілеуге бақылау;

32) сорт сынағы - сорттарды, гибридтерді аудандастырылған сорттармен және гибридтермен салыстырғанда белгілі әдіс бойынша сынау және бағалау;

33) сорт жаңарту - өндірісте өсіру кезінде сорттық және биологиялық сапасы нашарлаған тұқымды сол сорттың таңдаулы тұқымымен алмастыру;

34) сорт ауыстыру - өндірісте өсіру кезінде ескірген сорттарды неғұрлым өнімді және технологиялық сапасы бойынша бағалы, пайдалануға рұқсат етілген жаңа сорттармен алмастыру;

35) сорттық үлгілілік - айқас тозаңданатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық тазалық көрсеткіші;

36) сорттық тазалық - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің негізгі сортының сабақ санының сол дақылдың жалпы жетілген сабағының санына деген пайыздық қатынасы;

37) тұқымның сорттық сапасы - ауыл шаруашылығы дақылдарының белгілі бір сортының немесе ауыл шаруашылығы гибридін тұқымына жататынын сипаттайтын белгілер жиынтығы;

38) ең таңдаулы - мемлекеттік стандарттар мен тұқым шаруашылығы саласындағы басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес көбейту көшеттігі астығынан алынған және таңдаулы тұқымдарды өндіруге арналған тұқымдар;

39) тұқым шаруашылығының сызбасы - көшеттіктер мен тұқымдық егістердің өзара байланысты топтары, онда белгіленген кезекпен, іріктеу және көбейту жолымен сортты өндіру процесі жүзеге асырылады;

40) тұқым репродукторының саны - оригинатор анықтаған ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының таңдаулы тұқымдарын жүйелі түрде қайта егу саны;

41) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы - өз құзыреті шеңберінде тұқым шаруашылығында мемлекеттік саясатты іске асыратын, бүкіл тұқым шаруашылығына қатысушылар қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

42) тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - тұқым шаруашылығы саласында өз құзыреті шеңберінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

43) таңдаулы тұқымдар - ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түпнұсқа тұқымынан алынған және мемлекеттік стандарттар мен тұқым шаруашылығы саласындағы өзге де нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келетін тұқым.

## 2-бап. Тұқым шаруашылығы туралы заңнама

### 1. Тұқым шаруашылығы туралы заңнама Қазақстан Республикасының

К951000\_

Конституциясына негізделген және Қазақстан Республикасының  
Азаматтық

К941000\_

кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан  
Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан  
Республикасының тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамада көзделгендерден  
басқа ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

2-тарау. Тұқым шаруашылығы саласындағы  
мемлекеттік басқару мен реттеу

3-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу

Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу мыналар арқылы  
жүзеге асырылады:

1) тұқымның сорттық және егу сапасын сараптау жөніндегі зертханаларды  
аккредиттеу;

2) тұқым өндірушілерді, тұқымдық сарапшылар, анықтаушыларды  
аттестаттау;

3) Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген сұрыптау  
жетістіктерінің мемлекеттік реестрін енгізу;

4) тұқымның сорттық және егу сапасына міндетті сараптау;

5) сорттық және тұқымдық бақылау жүргізу;

6) аттестациядан өткен тұқым өндірушілер қызметінің тұқым шаруашылығы

саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген біліктілік талаптарына  
сәйкестігін бақылау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы  
өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, дамыту және пайдалану жөніндегі іргелі  
және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүргізу;

- 8) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің таңдаулы тұқымдарының бағасын мемлекеттік жәрдем түрінде арзандатуы;
- 9) өсімдіктер қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қаржыландыру;
- 10) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым сапасын сараптау және сорт сынағынан өткізу жөніндегі жұмыстарды (қызметтерді) мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру;
- 11) тұқымдық дәннің мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру және олардың сандық-сапалық жағдайына бақылау;
- 12) тұқым шаруашылығында инвестициялық, несиелік саясатты қалыптастыру;
- 13) ауыл шаруашылығы және орман өсімдіктерінің тұқымдарын сертификаттау;
- 14) заңнамалық кесімдерде көзделген өзге де нысандар.

#### 4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұқым шаруашылығы саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) тұқым шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;
- 2) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша тұқым шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларын бекітеді;
- 3) тұқым шаруашылығы саласының уәкілетті мемлекеттік органын және тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласының уәкілетті мемлекеттік органын б е л г і л е й д і ;
- 4) олардың тұқымдары республикалық бюджет қаражаты есебінен арзандатылуға жататын ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне арналған жәрдем ақша нормасын белгілейді ;
- 5) сұрыптау және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды б е к і т е д і ;
- 6) үкіметаралық келісімдер жасасады және тұқым шаруашылығы саласында халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген басқа да қызметтерді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

#### 5-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) уәкілетті органмен бірлесіп, тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласында сорт сынағын және тұқым шаруашылығын дамыту жөнінде мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді;

2) тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлейді;

3) тұқымдық дәннің мемлекеттік ресурсын қалыптастырады;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өкілеттік шеңберінде тұқымдық дәннің мемлекеттік ресурсына басшылық жасайды;

5) пайдалануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары мен гибридтерінің тұқымдарын өндіру және іске асыру көлемін болжайды;

6) тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік органымен келісім бойынша таңдаулы және репродукторлық тұқым өндірушілерді аттестациялау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді, тәртібін, аттестация жүргізу ережесін және тұқым өндірушілердің, анықтаушылар мен тұқым сарапшыларының біліктілік талаптарын бекітеді;

7) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сорттық және егу сапасын сараптау жөніндегі сарапшыларға, сорттық және гибридтік егістерге апробация жүргізу жөніндегі апробаторларға аттестация жүргізеді;

8) сорттық және тұқымдық бақылау ережесін бекітеді;

9) тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиісті бюджеттік бағдарламаларын әзірлеуге қатысады және әкімшілік етеді;

10) өз құзыреті шеңберінде сорт сынағы және тұқым шаруашылығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдер қабылдайды;

11) тұқым шаруашылығы жөніндегі бар стандарттарды техникалық шарттар мен басқа да нормативтік құжаттарды жетілдіру жөніндегі стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті мемлекеттік органға ұсынады;

12) тұқым шаруашылығының тәсімін бекітеді;

13) отандық және шет елдік сұрыптаудың сорттары мен гибридтеріне мемлекеттік сынақ ұйымдастырады, сорттар оригинаторларын тіркейді;

14) тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласының уәкілетті мемлекеттік органымен бірлесіп, тұқымның сорттық үстемелер нормасын белгілейді;

15) республиканың тұқым ресурсының мониторингін жүзеге асырады;

16) құзыреті шеңберінде тұқым шаруашылығы саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

17) көрсетілген мақсаттарға арналған бюджетте көзделген қаражат шеңберінде таңдаулы тұқым шаруашылығы саласындағы әр субъект бөліктерінде субсидиялауға жататын, таңдаулы тұқымдарын іске асыруда әр түрлері бойынша жыл сайынғы квота белгілейді;

18) жәрдем ақшаға көзделген белгіленген квота шеңберінде сатылатын

тұқымдарға баға белгілейді;

19) Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген сұрыптық жетістіктердің мемлекеттік реестрін бекітеді.

2. Тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган өз қызметін өз аумақтық органдарының тұқым инспекторлары, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын сынақтан өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия арқылы жүзеге асырады.

#### 6-бап. Тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласының уәкілетті мемлекеттік органы:

1) сұрыптау жөнінде ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлейді және іске асырады;

2) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп, тандаулы және репродукторлық тұқым өндірушілерді, тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханаларды, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және гибридтік егісін анықтау жөніндегі анықтаушыларды аттестациялау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді бекітеді;

3) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп, сорт сынағы және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеп, іске асырады;

4) бастапқы, тұқым және өнеркәсіптік (көпшілік) тұқым шаруашылығын басқару схемалары мен тәсілдерін әзірлейді;

5) тұқым шаруашылығында анықтау, топырақ және зертханалық сорттық бақылау, мемлекеттік сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі, мемлекеттік тұқым инспекторы туралы нормативтік құқықтық кесімдер, тұқым шаруашылығы жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық кесімдер, сондай-ақ тұқым шаруашылығында стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар әзірлеуге қатысады;

б) өз құзыреті шеңберінде сұрыптау және тұқым шаруашылығы жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

#### 7-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзыреті



Жергілікті атқарушы органдары:

1) тұқым шаруашылығы және оны ғылыми қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарына Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстарды жүргізуге көмек көрсетеді;

2) тұқым шаруашылығын дамытудың бағдарламаларын әзірлейді және жергілікті өкіл органдарына бекітуге ұсынады және оларды орындауды қамтамасыз етеді.

### 3-тарау. Тұқым шаруашылығын ұйымдастыру

#### 8-бап. Тұқым шаруашылығының жүйесі

1. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым шаруашылығындағы жүйесі тұқым шаруашылығындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметтік өзара байланыстарының жиынтығы.

О л а р ғ а м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) тұқым шаруашылығындағы мемлекеттік уәкілетті орган мен оның жер-жердегі а у м а қ т ы қ б ө л і м ш е л е р і ;

2) тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласының уәкілетті мемлекеттік о р г а н ы ;

3) тұқым өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау, іске асыру және тасымалдау қызметтерін жүзеге асыратын аттестатталған жеке және заңды тұлғалар;

4) белгіленген тәртіппен тұқым сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген з е р т х а н а л а р .

2. Тұқым шаруашылығы жүйесінің қызметі тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Репродукциялық тұқым ұрпағының санын сорт оригинаторы белгілейді.

#### 9-бап. Тұқым шаруашылығын қаржыландыру

1. Тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдау отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге таңдаулы тұқымдар бағасын арзандату жолымен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, тұқым шаруашылығының тектік қорын дамыту және сақтау бағдарламалары негізінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Олардың тұқымдары республикалық бюджет қаражаты есебінен арзандауға

жататын ауыл шаруашылығы дақылдары және олар жөнінде субсидий нормаларын тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Жергілікті атқарушы органдар тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдардың келісімімен республикалық деңгейде арзандатылмайтын дақылдар бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге таңдаулы тұқымдар бағасын арзандатуы мүмкін.

4. Тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеу бағдарламаларын қаржыландыру заңнамада белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа көздерден республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорт сынағы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Республикалық бюджет қаражаты есебінен тұқымдардың сорттық және егістік сапаларына сараптама Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### 10-бап. Аккредитациялау және аттестациялау

1. Аккредитациялауға Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес

тұқымның сорттық және егу сапасын сараптау жөніндегі зертханалар жатады. Аккредитацияны тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

2. Аттестациядан өткізуге мыналар жатады:

- 1) таңдаулы тұқым, бірінші-үшінші репродукторлы тұқым өндірушілер;
- 2) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және гибридтік егістігін бекіту жөніндегі бекітушілер;
- 3) тұқымның сорттық және егу сапасына сараптама бойынша тұқымдық сараптау.

4-тарау. Тұқым өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау,  
тасымалдау және пайдалану

11-бап. Тұқым өндіруге қойылатын талаптар

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын егу (отырғызу) үшін сатуға және пайдалануға мыналарға тиым салынады:

1) мемлекеттік сынақтан өтпеген, Сұрыптық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енбеген, Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген немесе Қазақстан Республикасында болашағы жоқ деп танылғандарға;

2) тұқым сапасын сараптау жөніндегі белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханада сорттық және егістік сапасы бойынша сараптамадан өтпегендер;

3) сорттық және егістік сапасы бойынша мемлекеттік стандарттар мен тұқым шаруашылығының өзге де нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келмейтіндер;

4) карантиндік арам шөптер тұқымдарымен ластанған, карантиндік ауруларға шалдыққан және карантиндік зиянкестермен зақымданғандар.

## 12-бап. Тұқым өндірушілердің құқықтары мен міндеттері

1. Аттестациядан өткен, таңдаулы тұқым және/немесе бірінші-үшінші репродукторлық тұқым өндіруге және сатуға тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органнан рұқсат алған заңды және жеке тұлғалар тұқымдарды өндірудің мөлшерін өз бетімен белгілеуге құқылы.

### 2. Тұқым өндірушілер мыналарға міндетті:

1) тұқым өндіруге қойылатын технологиялық талаптарды, сақтау, сату ережелерін сақтау олардың сандық және сапалы сақталуын қамтамасыз етуге;

2) егу үшін Сұрыптық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енген, пайдалануға рұқсат етілген, сондай-ақ болашағы бар деп танылған сорттар мен гибридтердің тұқымын пайдалануға;

3) сорт оригинаторлары немесе олардың уәкілетті тұлғаларынан одан әрі көбейту және сату үшін көбейту көшеттіктерінің тұқымдарын және ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының аса таңдаулы тұқымын және гибридтерінің ата-енелік нысандарын сатып алуға;

4) тұқым және тұқым шаруашылығы егістерін белгіленген тәртіппен бекітуден өткізуге;

5) егістікті (отырғызылған өсімдікті), аумақтарды, тұқым тазалағыш машиналар мен механизмдерді, қоймаларды, карантиндік орындарды табу және олармен күрес жүргізу үшін жүйелі түрде тексеруді қамтамасыз етуге;

6) өз қаражаты есебінен, тұқым шаруашылығының уәкілетті органы белгілеген көлемде, ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сақтық және ауыспалы қорларын құру;

7) тұқым шаруашылығы және өсімдік карантині саласында мемлекеттік бақылау қызметін атқаратын қызметкерлерге тұқым, тұқым шаруашылығы егістігін, тұқым

партияларын, тұқым өңдейтін және сақтайтын орындарды, құжаттарды еркін қарайтындай мүмкіндіктер жасау.

13-бап. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өндіруге арналған аэроэкологиялық аймақтар

Тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сол аймақта (арнайы аймақ) пайдалануға рұқсат етілген жоғары сапалы тұқымын өндіруге табиғи-климаттық жағдайы қолайлы агроэкологиялық аймақты белгілейді.

14-бап. Тұқым дайындау, өңдеу, сақтау және пайдалану

1. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын дайындауды, өңдеуді, сақтауды және пайдалануды ұйымдастыру тәртібін тұқым шаруашылығы саласының уәкілетті мемлекеттік органы белгілейді.

2. Патент иесінің ерекше құқық объектісі болып табылатын тұқым пайдалануға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен рұқсат етіледі.

15-бап. Тұқым партиясын Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету

1. Тұқым партиясын әкелу және әкету тәртібі осы Заңда, Қазақстан Республикасының өсімдік карантині туралы Z990344\_ заңында және Қазақстан Республикасының кеден Z952368\_ заңында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасына сұрыптық жетістіктердің Мемлекеттік тізіміне енген, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдар партиясын әкелуге рұқсат етіледі.

3. Қазақстан Республикасына сұрыптық жетістіктердің Мемлекеттік тізіміне енген, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген, патентке бейімді және шаруашылыққа пайдалы ғылыми зерттеулер мен мемлекеттік сынаққа арналған тұқым партиясын әкелуге тиым салынбайды.

4. Қазақстан Республикасына әкелінетін тұқым партиясының олардың сорттық және егу сапасын куәландыратын құжаттары болуға тиіс және мемлекеттік стандарттар мен техникалық жағдайлар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Қазақстан Республикасына әкелінген тұқым партиялары осы Заңда белгіленгендей және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіппен

тұқымдық сараптауға және фитосанитарлық бақылауға жатады.

## 5-тарау. Тұқымның сорттық және егу сапасын анықтау тәртібі

### 16-бап. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сорттық сапасын анықтау

1. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сорттық сапасын анықтауды егістікті анықтау, топырақты бақылау және зертханалық сорттық бақылау жүргізу арқылы анықтаушылар жүргізеді және аттестациядан өткен тұқым өндірушілерге міндетті болып табылады.

2. Міндетті анықтауға ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және гибридтік егістігі жатады, олардың тұқымы іске асырылуға немесе өзінің тұқымдық егісіне пайдаланылуға арналған.

3. Топырақ сынағына сұрыптық жетістіктердің Мемлекеттік тізіміне енген, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттары мен гибридтерінің түпнұсқа, таңдаулы және репродукторлық тұқымдары жатады.

4. Зертханалық сорттық сынаққа сұрыптық жетістіктердің Мемлекеттік тізіміне енген, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары мен гибридтерінің таңдаулы және репродукторлық тұқымдары жатады.

5. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және гибридтік егісін анықтау, топырақ бақылау және зертханалық сорттық бақылау жүргізуді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және гибридтік егісін тіркеу тәртібін тұқым шаруашылығы саласының уәкілетті мемлекеттік органы мен тұқым шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету саласының уәкілетті мемлекеттік органы бірлесіп белгілейді.

### 17-бап. Тұқымдардың егістік сапасын анықтау

1. Егу үшін сатуға және пайдалануға жататын тұқымдардың егістік сапасын анықтау белгіленген тәртіппен тұқымдардың сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханаларда тұқымдар сынамаларын іріктеу және талдау жолымен жүргізіледі.

2. Іске асырылуға жататын тұқымдар партияларынан сынаманы іріктеуді тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік тұқым инспекторлары тұқым өндірушілер өкілін қатыстыра отырып жүргізеді.

1. Сорттық және егістік сапасын куәландыратын тиісті құжаты жоқ тұқымды ішкі рынокта іске асыруға, экспорт және импортқа шығаруға, сондай-ақ егу үшін пайдалануға тиым салынады.

2. Тұқымның сорттық және егістік сапасын куәландыратын құжаттар мыналар: сорттық анықтау кесімі мен гибридтік егістің егістік зерттеу кесімі; тұқымның сапалылығы туралы куәлігі; тұқымды талдау нәтижелері.

3. Тұқым құжаттарының нысанын тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

4. Сату және тасымалдау кезінде түпнұсқа, суперэлита және таңдаулы тұқымдар - тұқым аттестатымен, бірінші және одан кейінгі репродукторлық тұқымдар - тұқым куәлігімен ілесе жүреді. Тұқымның мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкес келмейтін тұқымдар сорт куәлігімен ілесе жүреді. Құжаттарды тұқым сапасын сараптау жөніндегі белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханалар мен анықтаушылар берген тиісті құжаттар негізінде тұқым өндірушілер береді және оларды тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

#### 6-тарау. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау

#### 19-бап. Мемлекеттік сорттық және тұқымдық бақылау

1. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды тұқым шаруашылығы саласының уәкілетті мемлекеттік органы жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік сорттық және тұқымдық бақылауға мыналар енеді:

1) таңдаулы тұқым мен бірінші-үшінші репродукторлық тұқым өндірушілерді аттестациялау;

2) анықтаушылар мен тұқымдық сарапшыларды аттестациялау;

3) тұқымға арналған құжаттардың нысандарын белгілеу.

3. Ауыл шаруашылығы егістіктерінің егісі мен тұқымына қатынасты сорттық және тұқымдық бақылауды тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының тұқым инспекторлары жүзеге асырады.

4. Тұқым шаруашылығымен айналысатын заңды және жеке тұлғалар

иелігіндегі егіс пен тұқымға қатынасты сорттық және тұқымдық бақылау жүзеге асырылады.

5. Тұқым инспекторлары өз қызметтерінде тәуелсіз болып табылады және

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы

Z990453\_

заңын, осы  
Заңды, Қазақстан Республикасының

Z010143\_

"Астық туралы", "Сұрыптық  
жетістіктерді қорғау туралы"

Z990422\_

заңдарын, сондай-ақ тұқым  
шаруашылығы саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін басшылыққа  
алады.

6. Өзінің қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде орындамаған тұқым  
инспекторлары Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген тәртіппен  
жауапты болады.

7-тарау. Тұқым шаруашылығы саласындағы таластарды  
шешу және жауапкершілік

20-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге  
асыру кезінде таластарды шешу

Тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын  
таластар Қазақстан Республикасының заңнамаларына және халықаралық құқық  
нормаларына сәйкес шешіледі.

21-бап. Тұқым шаруашылығы саласында Қазақстан Республикасының  
заңнамаларын бұзғандығы үшін жауапкершілік

1. Тұқым шаруашылығы саласында заңнаманы бұзған айыпты жеке және  
заңды тұлғалар, сондай-ақ лауазым иелері Қазақстан Республикасының

заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапты.

2. Айып салу немесе басқа да жазаға тарту айыпты кісілерді, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен, келтірген зиянын төлеу қажеттілігінен босатпайды.

22-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.